www.kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru

Қостанай таңы

Облыстық «Қостанай таңы» газеті 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

11 желтоқсан 2018 ж. сейсенбі №144 (18792)

ӨНЕР

Көңіл толқытқан қойылым

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театры "Әнім сен едің" атты спектальді қойды. Исраил Сапарбайдың пьесасының негізінде сахнаға ыңғайлаған – режиссер Әлия Баймахан. Шыны керек, бұл қойылым тосын формада, өзгеше түрде ұсынылды. Спектакль Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен өнерінің бір парасын көрсетеді.

Қойылым өткір драмалық эмоцияларға толы. Шәмшінің оқудан шығарылуы, ауылына келгендегі анасының қазасы, жанына жұбаныш іздеп сабылуы – бәрі әртістің кәсіби шеберлігін байқатады. Қойылым барысында жас Шәмші сығандардың тобырына еріп кетеді. Отаны, белгілі тұрағы жоқ болса да өз ұлтының дәстүрі мен салтын асылдай сақтап жүрген ұлтқа риза болады. Ұлттың құндылықтары сақталған жерде Шәмші кәусар бұлақтың тазалығын сезінеді. Керемет ән туады. Шәмшінің рөлін сомдаған Әлімхан Мырзаханның айтуынша, композитордың әндерін айтқандар оның өмірі мен ішкі жан дүниесіндегі болып жататын алапат дүниені, нәзік жүрек лүпілін, өмірде қызғаншақтар мен тоңмойындардың пендешіліктерін біле бермес.

– Ән әлемінде бір өзі бір дәуірдің жүгін арқалаған Шәмшінің әндерін білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, оның жеке өміріндегі қиындықтарына ешкім үңіліп мән берген жоқ. Сол тұстан да маған сазгердің бейнесін алып шығу оңайға түспеді. "Көрерменнің көз алдындағы жаттанды оның бейнесін берумен қалып қоймай, қалай тұлғаландыруға болады?" деген сұрақ көз ілдірмеді. Мен де, режиссер де бұл қойылымда Шәмшіні тек композитор ғана емес, өзі өмір сүрген қоғамдағы көріністерді мемлекеттік биік тұрғыдан ойлай білетін сұңғыла ретінде алып шығуды ойладық. Ізденісіміз, еңбегіміз маңдай терді ақтады-ау деп ойлаймын. Шәмшінің терең адам болғанына оның замандастары қалдырған естеліктер куә. Оның әндері алабөтен әңгіме. "Қайықта" мен "Арыс жағасында" қаншама жасты біріктірді. Әр әні – бір тарих. Осындай ұлы тұлғаны сомдағанымма қуаныштымын, – деді актер Әлімхан Мырзахан.

Бұл қойылым театр әртістерінің жанды дауыста сүйемелдеуімен орындалады. Шәмші өмірдегі пендешіліктердің керген жібінен жығылып-тұрып жүргенде, елді оның әндері әлдилеп, аспанында оның әні шарықтап тұрды. Спектакльдің басты ерекшелігі де осы.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

ҚАЗЫНА ҚАРЖЫСЫ ҚАЙДА ҚҰЙЫЛАДЫ?

Жандос ЖҮСІПБЕК

Бүгін облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтың қатысуымен Қостанай облысы мәслихатының кезекті сессиясы өтті. Жылдың соңғы сессиясында 2019-2021 жылдарға арналған облыс бюджеті қайта қаралды.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Ж.Шаймарданованың баяндауынша, келер жылы өңірдегі барлық саланы ілгерілетуге қажетті қаржының есеп-қисабы даяр болып отыр.

– Келер жылы өңірді дамытуға қарастырылып отырған облыс бюджетінің жалпы сомасы – 14 млрд 789 млн теңге. Оның ішінде ең көп қаржы, 3 млрд теңге Әулиекөл ауданына, ең аз қаражат, 799 млн теңге Лисаков қаласына тиесілі болады. Ал жалпы алғанда, алдағы жылдарға еншіленген бюджет көлемі 200 млрд теңгеден асып жығылады. Оның 110,2 млрд теңгесі – республикалық қазынадан, – деп бастады баяндамасын Ж.Шаймарданова.

Аталған қаржының 5,5 млрд теңгесі келер жылы жұмыскерлердің жалақысын көтеруге жұмсалмақ. 61 млрд теңгесі басқармалар жұмысын жетілдіруге бағытталады. 1 млрд теңге ішкі істер органдарын техникалық, технологиялық жабдықтауға бөлінгелі отыр. Атап айтқанда, 172 млн теңге 26 қызметтік көлік, 22 млн теңге компьютер жабдықтарын, 3 млн теңге сала қызметкерлеріне өзара байланыс ұстауды жетілдіретін әмбебап нөмір сатып алуға, 50 млн теңге Қостанайда уақытша оқшаулау мекемесінің құрылысын жалғастыруға шығындалады. Төтенше жағдайлар қызметі де назардан тыс емес. Бұл саланың материалдық-техникалық жабдығына 290 млн теңге қарастырылған. Оның 238 млн теңгесіне авариялық-құтқару көліктері, 26 млн теңгеге арнайы жабдықтар,18 млн теңгесіне өрт сөндіру құрылғылары сатып алынбақ. 8 млн теңге көктем мезгілінде су айдындарында мұз жару жұмыстарына, тасқын қаупінің алдын алуға арналмақ. Әлеуметтік салаға да бөлінер қаржы қомақты.

2-бет

100 80 60 40
Синий
Красный
Желтый
Черный

Өмірзақ өнегесі елге үлгі

Қостанайдағы мемлекеттік педагогикалық университетке белгілі ғалым, жерлесіміз Өмірзақ Сұлтанғазиннің есімі берілуі өте құптарлық іс. Бұл өзі соңғы бірер жылда ауық-ауық көтеріліп жүрген мәселе еді. Соны университет ректоры Еркін Әбіл ініміз қолға алып, жүзеге асырды. "Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді" деген осы.

Қазақтың қай жері болсын, таланттарға кенде емес. Сондай бір киелі өңір – сыр тұнған Сарыкөл бойындағы шағын ғана Қараоба ауылында дүниеге келген, Уақ Бармақ батырдың нәсілі, өзі де нар тұлғалы Өмекеңнің дүйім ел һәм дүниежүзі таныған ғалым болмасқа еш қақысы жоқ еді.

Есімі ел аузында аса зор ілтипатпен аталатын біздің даңқты жерлесіміз шын мәнінде, халықтың мандайына бір ғасырда бір рет қана бітетін ерен тұлғатұғын. Себебі, оның бір басына ақыл мен парасат, түпсіз терең ой мен талант, биік адамгершілік пен кісілік сияқты құдіретті қасиетті молынан дарытқан. Құдай берген сол қасиетті Өмекең халқының қажетіне керегінше жаратқан жан. Бірақ, ешқашан асып-тасуды білмейтін. Барынша қарапайым, бойынан ізгіліктің ізі айқын аңғарылатын атпал азамат болатын.

Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Ө.Сұлтанғазиннің есімі физика-математика саласындағы сирек әрі маңызды зерттеулермен тығыз байланысты. Әсіресе, Қазақстанның ғарыш саласына қатысты ілгерінді зерттеулері еліміз ғана емес, посткеңестік елдер мен алыс-жақын шетелдерде жоғары бағаланды, бағаланып та жүр.

Міне, сондықтан, Қостанай топырағында туып-өсіп, аты айдай әлемге танылған Өмірзақ Махмұтұлындай біртуар дарынды азаматтың есімін өңірдегі ірі жоғарғы оқу орындарының бірінің атына беруі біздің зор мақтанышымызды туғызды.

Жалпы, менің ойымша, мұндай ауқымды шаралардың өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа баулуға септігі өте зор. Ірі ғалым, академик есімін ұлықтау ұлттық руханиятты дамытуға қосылған сүбелі үлес. Әрі-беріден соң бұл оның бүтіндей қазақ ғылымына қосқан еңбегінің өлшеусіз екендігін білдіреді. Біз, шын мәнінде, Өмекеңмен мақтануымыз керек!

Сайран БҰҚАНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы.

ҚАЗЫНА ҚАРЖЫСЫ ҚАЙДА ҚҰЙЫЛАДЫ?

1-бет

– Облыста білім саласын дамытуға 2,6 млрд теңге қарастырылды. Бұл қаржылар облыс орталығындағы Аэропорт, Юбилейный шағын аудандарындағы мектептердің құрылысын жалғастыруға, Аманқарағай ауылында жаңа білім ошағын салуға жұмсалады.150 млн теңге үш нысанның күрделі жөндеуіне бағытталады. Олар – Қарабалық ауданының Боскөл орта мектебі, Қамысты ауданындағы Алтынсарин атындағы орта мектебі және Қостанай ауданындағы орта мектеп. 32,2 млн теңге Қостанайда үш жатақхананың жобалық-сметалық құжатын дайындауға, 100 млн теңге ауылдық жерлердегі оқушыларды тасымалдайтын автобустар сатып алуға, 84,7 млн теңге ЖОО техникалық және педагогикалық мамандықтарды жетілдіруге бөлінгелі отыр. Ал денсаулық сақтау саласының күрмеулі мәселелерін шешуге 2,3 млрд теңге, спорттық нысандардың құрылысын аяқтауға 100 млн теңге бағытталады, – деді Ж. Шаймарданова.

Қостанайда тұрғын үй құрылысы қарқынын тоқтатпайды. Мәселен, Аэропорт шағын ауданында 12 несиелік баспана құрылысына 4 308 млн, инженерлік-коммуникациялық желілер тартуға 80 млн теңге құйылады. Ал Юбилейный шағын ауданында 2 115 млн теңгеге әлгіндегідей 4 тұрғын үй салынады. Қонай елді мекеніндегі, Қостанай ауданының "Астана-Бәйтерек" ауданындағы және Лисаков қаласындағы тұрғын үй құрылыстарын да келер жылы аяқтау жоспарда бар.

Облыста газ тарту жұмыстарының да табысты жүзеге асып жатқаны баршаға аян. Бұл бағыттағы жобалар келер жылы да жалғасын тапқалы отыр. Айталық, Әулиекөл, Федоров, Некрасов, Перелески, Силантьев елді мекендерін көгілдір отынмен қамтуға 1,3 млрд теңге бөлу көзделген. Ал 34 млн теңгеден астам қаржы Арқалық қаласының жылу-энергетикалық орталығының, Лисаков қаласының Октябрь ауылындағы газ қазандығының жөндеу жұмыстарына бағытталады. Шалғай елді мекендерге су тарту шаруасына 7,6 млрд теңге жұмсалады. Осы қаржы көмегімен Аманкелді, Есір, Аманқарағай, Торғай, Антонов, Забелов, Челгашы, Златоуст, Новоильинов елді мекендерінде ауызсу мәселесі шешілмек. Мұның сыртында, жол жөндеу жұмыстарына 917,4 млн теңге салынады. Жіктей айтқанда, күрделі жөндеуге – 846,3 млн, орташа жөндеуге – 13,157,3 млн, ағымдық жұмыстарға 1037,1 млн теңге жұмсалады.

– Баршамызға мәлім болғандай, біз барлық саланы тиісті қаржымен қамтып отырмыз. Үстіміздегі жылы да бөлінген қаражат жектілікті игерілді. Бұл бюджеттік жоспарлардың сыртында, министрліктермен байланыс орнатып, тағы да қосымша қаржы тарту тетіктерін қарастыратын боламыз, – деп түйіндеді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Суретті түсірген Бағдат Ахметбеков.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Сертификаттаудың сандық жүйесі

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай облысының кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізді. Жиында алдағы жылға жоспарлар бекітілді.

Қостанай облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Мұрат Әбеновтің айтуынша, өңірлік палата құрылғалы кәсіпкерлерден 1000-ға жуық өтініш келіп түскен. Палата заңгерлері 6,7 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеген. Мұның бәрі бизнеске бағытталды. Мысалы, жақында Жітіқара қаласының кәсіпкеріне сот арқылы 14 млн теңге ақшасы қайтарылды. Тағы бір кәсіпкер жылына 20 млн теңгеден астам сома салықты қосымша төлеп келген. Бұл заңсыздық та палата заңгерлерінің қатысуымен реттелді. Айта кетейік, қазір бюджет қаражаты есебінен нысандарды салу кезінде жергілікті мониторингке басты назар аударылады.

– Кешенді мәселелер де ретімен шешіліп келеді. 2014 жылдан бастап, кәсіпкерлер палатасының жалпы тізіліміне 41 жүйелік мәселе енгізілсе, бүгінде оның 26-сы шешімін тапты. Осы жұмыстың шеңберінде мемлекеттік қызметтерді алу кезінде құжаттарды міндетті түрде нотариалдық куәландыру талабы жойылды. Енді тиісті құжаттарды ХҚКО мамандарынан алуға болады. Құжатты рәсімдеу бойынша, аймақтағы 137 кәсіпорынның жұмысы бір жүйеге келтірілді. Дегенмен кәсіпте проблемалар да бар. Атап айтқанда, айналым қаражаты мен шикізаттың жетіспеуі, тауарды өткізу-қабылдаудағы мәселелер әлі толығымен реттелмеді. Сол үшін Қостанай облысында кәсіпкерлердің бірыңғай базасы құрылады", – деді Мұрат Әбенов.

Өңірлік палата басшысы айтқандай, бизнес мүмкіндіктерін жаппай пайдалануды қамтамасыз ету үшін қалалар мен аудан орталықтарында құрылған кәсіпкерлерге қызмет көрсететін барлық орталықтардың жұмысы цифрландырылады. Бүгінде барлық бизнес субъектілерін электрондық жүйеге көшіруге аса мән беріліп отыр.

"Atameken.Academy" сертификаттау бағдарламасы осы жүйеге негізделген. Қостанай облысында бұл тұғырнамалық бағдарлама пилоттық режимде іске қосылды. Енді кәсіпкерлерге "CT-KZ" нысанындағы ішкі айналымға шығу сертификаттарын үйден немесе кеңседен шықпай-ақ алуға болады. Барлық құжаттарға өтінішті онлайн режимінде беруге болады. Автоматтандыру бизнеске қаржылық емес қолдау көрсетуге бөлінетін бюджетті қысқартуға, қамту бөлігін ұлғайтуға, құжаттар айналымын төмендетуге, кеңесшілер санын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Жиында айтылғандай, облыста ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар басталды. Нәтижесінде, тауардың нарыққа шығуын сертификаттауда электрондық құжат айналымы пайдаланылады. Бұдан өзге, бизнес үшін ашық цифрлық платформаны құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, онда басқарушылық шешімдерді қабылдауды жеңілдету және ішкі процестерді автоматтандыру үшін қажетті сервистерді орналастыру жоспарланған. Олардың ішінде кассалық және бухгалтерлік есеп жүргізу, персоналды басқару, тауарлар мен қызметтер қозғалысын бақылау, ресурстарды шығындау мониторингі, электронды құжаттар айналымы бар.

Көңіл толқытқан қойылым

1-бет

– Бүгін біздің театрымызда үлкен қуаныш. Жұрттың ілтипаты жоғары. Мұндай туындыларды сахнадан сағынып-ақ қалыппыз. Театр әртістерінің сахнада беріліп ойнауы, Шәмшінің ішкі жан дүниесін, басқа да кейіпкерлердің тебіренісін жан дауысымен жеткізіп жатқандарын сезіну көрермен үшін бір қуаныш. Әр маусымды жаңа қойылыммен толықтыратын театр ұжымы келесі жылы да көрермендерді бірнеше тың туындымен қуантады деп үміттенеміз, – дейді қала тұрғыны Диас Қайралап.

Спектакльде Изольданы бейнелеген Диана Тұрсынованың, Сағынышты ойнаған Қымбат Әуезханның, Шәмшінің анасын бейнелеген Ақдәмен Досанова мен Шара Мүсілованың, Баронды сомдаған Қонысбек Бегайдаровтың, Абзалды ойнаған Айбол Шәкіржановтың өнеріне қостанайлықтар риза.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

Мақала мақсатты айқындайды

Мемлекет басшысының "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы барша жерлестеріміздің, әсіресе жастардың бойына жалпықазақстандық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды дарыту, тарихымыздың, салт-дәстүрлеріміздің ұтымды жақтарын тереңірек білуге ынталандырады.

Атқа міну мәдениеті мен жылқыны қолға ұстау дәстүрі әлемге Ұлы даладан тарағаны тарихта бар. "Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты", – делінген аталмыш мақалада.

Ал археологиялық жұмыстар барысында табылған металл қорытатын пештер мен зергерлік бұйымдар, көне заманның үй заттары мен қарулары ата-бабаларымыздың металл өндіру тәсілдерін жетік меңгергендігінің дәлелі болып табылады.

"Аң стиліне" келетін болсақ, қазақ халқының өмірсалты қашан да табиғатпен тығыз байланыста болғандығы белгілі. Жануарлардың, жыртқыштардың бейнесі тастарға қашалған петроглифтерде, халқымыздың ою-өрнегінде, тұрмыстық заттарда да көптеп кездеседі.

Алтынмен безендірілген киімдегі ежелгі жауынгердің табылуы сол замандағы Ұлы дала елінің алтын өңдеуді жетік меңгергенін дәлелдейді. "Алтын адам" халқымыздың тарихы мен мәдениетіне бүкіл әлемнің басқаша қарауына жол ашқаны анық.

Бүгінгі таңда Қазақстан жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатыны ешкімге құпия емес. Бабаларымыз ықылым заманнан бері зор кеңістікті игеріп, Түркі әлемінің ерекше өркениетін жасай білген.

Еуразияның орталығында орналасуы – мемлекетіміздің географиялық тұрғыдан ұтымды жақтарының бірі. Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті байланыстырған Жібек жолы Ұлы дала экономикасы мен мәдениетінің дамуына зор септігін тигізген.

Сол Жібек жолы арқылы әлемге тараған алма тұқымы дүниежүзіндегі талай адамдарды таңқалдырған. Ал қазақ жерінде өсетін қарапайым да болса өте әсем әрі ерекше гүл – қызғалдақ өзінің әдемілігімен көпшілікті бауырған. Сондықтан да Ұлы даланы "Алма мен қызғалдақтың отаны" деуге толық негізіміз бар.

Міне осылайша, Ұлы дала халқының дүниетанымын айқын көрсететін бұл концептуалды мақала "Рухани жаңғыру" бағдарламасының жаңа қырлары ретінде ата-бабаларымыздың қалдырған асыл мұрасы мен тарихымызды бағалап, бүгінгі күнге прагматикалық тұрғыда қарап және болашаққа оң көзқарас таныта білу арқылы дамуға жетелейді.

Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры.

Арқалық қаласы.

Тарихи танымммен ұрпақ өседі

"Ұлы даланың жеті қыры" мақаласындағы әрбір бағыт тарихпен ұштасып, қазақ елінің бастапқы іргетасының қалану дәуірі ертеректе қадам алғаны, сондай-ақ қазақ жұртшылығы үшін маңызды мәдени-танымдық қасиетке ие тарихи мұрамызды біліп, қастерлеуге шақырғандай.

Жаһандану дәуірінде өскелең ұрпақ ең алдымен елін тануы, тарихын білуі, мәдениетін сақтауы, құндылықтарын білуі – қазақ ұлы, елінің патриоты, болашақ қорғаны болып өсуіне үлес қосушы факторлар болып табылады.

Мақалада сөз етілген атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру технологиясы, Дала өркениетінің символы – "Алтын адам" жауынгері, әлемдік экономиканың өркендеуіне септігі мол Ұлы Жібек жолы, Қазақ елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар еліміз аумағындағы тарихи жайт қана емес, қазақ үшін аса қымбат қазына, құндылықтар.

"Рухани жаңғыру" – ұлт тарихын таныстыратын даңғыл жол іспеттес болса, "Ұлы даланың жеті қыры" – ұрпақтар мақтанатын, арғы тектерін әлемге насихаттайтын төл құжат.

Елбасы ұрпақты тәрбиелеуші қоғамға бағыт берді, жол нұсқады. Ендігі ігі іс сол қоғам қолында. Әрбір қадамымыз тек осы бағыттан таймай, тарихи мұрамызды, құндылығымызды жас ұрпаққа насихаттай отырып елдігімізді жоғары санайтын, құрметтеп қорғайтын және дамытуға үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеу.

Светлана АЙТПЕНОВА,
№7 мектеп - гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Рудный қаласы.

Жастар үшін де тәрбиелік мәні зор

Елбасымыздың "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы бүгінде жастар арасында да үлкен қолдауға ие болуда. Өйткені, бұл мақаланың өскелең ұрпақтың туған тарихын ұғынуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Өз басым аталмыш мақаланы тарихи санамызды жаңғыртудың қырын аша түскен рухани құжат ретінде қабылдадым. Елдігіміздің жеті қырын аша түскен маңызды мақаласында ұлт көшбасшысы біздің халқымыздың өткені мен бүгіні және болашағының іргелі негіздеріне ерекше тоқталған. Мәселен, атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, аңшылық, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстандағы алма мен қызғалдақ. Елбасымыз осындай баға жетпес байлыққа қойнауы толы ел екенімізді әлемге паш ететін кездің келгенін мақалада ашып айтқан. Президент айтқандай, атқа міну мәдениетінің ұлы даладан тарағаны тарихымыздан белгілі. Сондай-ақ, Елбасы металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгерткенін, сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі екендігін сөз етеді. Сонымен қоса, мақалада тағы бір көзделген мәселе "Архив-2025", "Ұлы даланың ұлы есімдері", "Түркі әлемінің генезисі", "Ұлы даланың ежелгі өнер мен технологиялар музейі", "Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы", "Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі" сияқты нақты жобаларды жүзеге асыру керектігін де атап өткен. Ең бастысы, Елбасымыздың жеті бастамасы әрбір азаматтың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді оятары сөзсіз. Жастар үшін де тәрбиелік орны ерекше мақала дер едім. Сол себепті де, еліміздің жастары Елбасының осы жеті бастамасын қолдап, оны насихаттауда сүбелі үлес қосады деген сенімдемін. Өйткені, барлығы да өз қолымызда!

Айдана МАРАТ,
ҚМУ-дің 3 курс студенті.

Жамағатпен жүздесу

Қостанай қалалық Ішкі саясат бөлімінің бастамасымен Жайлаубай мешітінде Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауын түсіндіру үшін мұсылман жамағатымен кездесу өткізілді.

Кездесуге дін өкілдері, саясаткерлер мен оқытушылар қатысты. А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ профессоры Қалқаман Жақып Қазақстан Президентінің барлық Жолдаулары тың идеяларға толы екенін айтты. Іс-шараға "Нұр Отан" партиясының мүшелері де қатысып, сөз сөйледі.

– Мемлекет басшысының барлық Жолдаулары – еліміздің әрбір азаматына арналған стратегиялық құжат. Сондықтан әр адам "Мен Жолдауды жүзеге асыру үшін не істеуім қажет?" – деген сұрақ төңірегінде ойлануы керек, – дейді "Нұр Отан" партиясының Қостанай облысы бойынша филиалының саяси жұмыс кеңесшісі Ерлан Қылышбаев.

Бүгінгі аға буын өкілдерінің негізгі мақсаты – жастардың көзін ашып қана қоймай, олардың рухани дүниетанымын байытып, мемлекетшіл, толерантты, ұлтжанды ұрпақ сабақтастығын қалыптастыру. Егер тереңіне үңілсек, бүгінгі аға буынның ертеңгі арқасүйері – жастар. Сайып келгенде, жастардың бойындағы белсенділік, бастамашылдық – өркендеуіміздің нақты бағдарламасы іспетті.

Кездесуге қатысушылар Елбасының биылғы Жолдауының әрбір қазақстандық үшін тигізер пайдасы бар екендігіне сенімді. Олар да өз кезектерінде саяси құжатта көрсетілген тапсырмаларды орындау жолында белсенді жұмыс атқаруды көздейді.

Қызыққа толы саяхат

Өздеріңізге мәлім, жақында Елбасы "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласын жариялаған болатын. Мақалада біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы екені айтылады. Расымен де, қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Соның дәлелі ретінде Қашар орта мектебінің "Бүркіт" және "Арлан" топтары Қостанай облысы полиция департаментінің мұражайына саяхат өткізді.

Оқушылар мұражай ішіндегі экспонаттарды көріп, мағлұматтар алды. Әсіресе, тәртіп сақшыларының күнделікті қызмет тұрмысында қолданатын бұйымдары, көлік түрлері қызықтырды. Алдағы уақытта осындай іс-шаралар жалғасын табады деп үміттенеміз.

Е.БОРАМБАЕВ,
полиция аға лейтенанты.

Қашар кенті.

САНДЫҚ ТВ

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздің барлық өңірлерін аналогтық телехабарлардан кезең-кезеңімен ажырату жоспарланған. Қазақстан 2021 жылға дейін аналогтық хабар таратудан бүтіндей бас тартады. Кейбір облыстар қазірдің өзінде телехабар таратудың цифрлы жүйесіне толықтай көшіп алған. Ал Қостанай облысында көпшілік қазір тұтынып отырған аналогты хабар тарату жүйесі 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап тоқтатылып, цифрлы эфирлік телехабар тарату жүйесі енгізіледі. Телехабар таратудың жаңа жүйесіне көшу бағытында өңірде тыңғылықты жұмыстар атқарылған. Басты мақсат – цифрлы ТВ-мен облыс аумағын 100% қамту. Осы мақсатта өңірде 59 радиотелевизиялық станса жаңғыртылды. Мамандардың айтуынша, сандық хабар тарату жүйесі телеарналар санын көбейтіп, көрерменнің таңдау мүмкіндігін ұлғайтумен қатар, жоғары сапалы бейне-дыбыспен қамтамасыз етеді.

Ауқымды мемлекеттік жобаны жүзеге асыруға өңірлік телеарналар қаншалықты дайын? Осы сауал төңірегінде "Qostanai" телеарнасының басшысы Ербол Ипбергеновпен сұхбаттастық.

Ербол ИПБЕРГЕНОВ:

59 елді мекенге цифрлы хабар таратып отырмыз

– Ербол Қуанышұлы, цифрлы эфирлік хабар тарату жүйесіне дайындық барысы қалай?

– Цифрлы хабар тарату жүйесінде біз қазірдің өзінде бармыз. "Отау ТВ", "ID ТВ" сияқты цифрлық телевизиялық сигнал таратын қандай мүмкіндіктер бар, іздеген адам соның барлығынан біздің телеарнаны таба алады. Цифрлы жүйе бойынша қазірдің өзінде 60-қа жуық елді мекенге телехабар таратып жатырмыз. Сондықтан, аналогтық телехабар тарату жүйесінен бүгін ажыратып тастаса да, біз бұған дайынбыз. Қазір архивте жатқан бейнекорды цифрлық жүйеге көшіріп жатырмыз. Бұрын хабарларды бейнекассетаға түсіруші едік қой. Енді солардың цифрлық нұсқасын жасап, бүгінге дейін 1000 сағаттық бейнекор дайындап қойдық. Бұл жұмыс күнделікті жүріп жатыр. Алдағы жылдың алғашқы айларында аяқталып қалар.

– Енді өзіңіз осы телеарна тізгінін ұстағалы көп бола қойған жоқ. Дегенмен бірталай жаңа тележоба эфирге шығып үлгерді. Осы жобалар жайында не айтасыз?

– Бізде жылда қалыптасқан дәстүр бойынша қыркүйек айында жаңа телевизиялық маусым ашылады. Биыл да "Қазақстан" корпорациясының ұсынысы бойынша жаңа маусымның тұсаукесер рәсімін өткіздік. Бұл шара аясында тек "Қазақстан" арнасы мен "Qostanai" телеарнасы ғана емес, сонымен қатар "Balapan", "Qazsport", "Тамаша" телеарналары ұсынған жаңа жобалармен көпшілікті таныстырдық. Мұның сыртында, іргелес жатқан Троицк шаһарына барып, "Balapan" телеарнасының тұсаукесерін өткіздік. Бұл да цифрлы ТВ жүйесінің жемісі. Басты мақсат – "Balapan" сияқты отандық телеарналарды алыс-жақын шетелдегі қандастарымыз да тамашалай алатындай жағдай қалыптастыру. Мәселен, Троицкідегі мектепте қазақ сыныптары бар екен. Олар да кәдімгідей қуанып қалды. Жалпы, шетелде қазақ тілді хабарларға зәру қандастарымыз көп. Біз ол кісілерді де отандық телеарнамен қамтамасыз етуге күш салуымыз керек. Цифрлы ТВ-ның тиімділігі де осында.

– Қазір "Qostanai" телеарнасының төл өнімдерін шетелдік қазақтар көре алып отыр ма?

– Әрине, жоғарыда айттым ғой. Осы телехабар таратудың цифрлы жүйесінің арқасында қазірдің өзінде Ресейдің бізбен іргелес жатқан Челябі, Свердлов, Қорған облыстарындағы қандастарымыз "Қазақстан", "Qazsport", "Qostanai" телеарналарын тамашалау мүмкіндігіне ие болып отыр. Тіпті осыннан тарихи отанына көшіп кеткен өзге ұлт өкілдері де арнамызға қоңырау шалып, алғыстарын жаудырып жатады. Бұған біз де қуанып қаламыз. Демек, цифрлы ТВ көрермен аудиториясын кеңейтетін үлкен мүмкіндік деген сөз.

– Тамаша! Енді жоғарыдағы жаңа жобалар жайындағы сауалға қайта оралсақ. Биыл көрермендер қандай тың телехабарлармен қауышты?

– Биыл жаңадан бес хабар эфирге шықты. Соның бірі "Тұңғыш" деп аталатын тарихи-танымдық, әдеби-рухани хабар. Тобыл-Торғай өңірі – ұлтымыздың көптеген ұлы тұлғаларына алтын бесік болған қастерлі мекен. Қай саланы алып қарасаңыз да, соның қайнар бастауында осы қасиетті топырақтың төл перзенті тұрады. Ол кісілер туралы аз айтылып жатқан жоқ. Дегенмен, сол айтылып, көрсетіліп жатқан дүниелерді жүйелеп, бір ізге түсіріп, көрерменге ұсыну басты мақсатымыз. Хабарда ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, азаматтық ұстанымы мен қайраткерлік тұлғасы жайындағы журналистік зерттеу-тұжырым көрерменге ұсынылады. Одан кейінгі үлкен жаңалығымыз – "IQ дода" деп аталатын зияткерлік телесайыс. Бұл – оқушылар мен студент-жастардың қарым-қабілеті сарапқа түсетін білім жарысын Назарбаев зияткерлік мектебімен бірлесіп шығарып отырмыз. Айына 2 рет эфирге шығады. Көлемі – 40 минут. Бұл жобаға жуырда ғана Өмірзақ Сұлтанғазин есімі берілген білім ордасы – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті де қолдау көрсетті. Осы сайыстан үздік шыққан жеңімпазға аталған университет ректоры арнайы білім грантын тағайындап отыр. Хабар жыл бойы өтеді, үш кезеңге бөлінген. Содан жеңіп шыққан оқушы автоматты түрде ҚМПУ-ға оқуға қабылданады. Аталған жобаға қолдау көрсеткені үшін Назарбаев зияткерлік мектебі мен Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогика университеті ұжымына алғыс білдіреміз.

– "Цифрлы Қазақстан"

деген жаңа бағдарламаларыңыз да эфирге шықты.

– Иә, қазір цифрлы технология заманы. Қай саланы алып қарасаңыз да, цифрландыруға көшу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын көресіз. Бұл жүйе, әсіресе, әлеуметтік салада, мемлекеттік қызмет көрсету саласында, өндірісте, ауылшаруашылық саласында кең қолданысқа енген. Осы игілікті істі елге көрсетіп, "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының өңірде жүзеге асу барысын саралау мақсатында жасалған жоба бұл. Бұдан кейін көрерменге жол тартқан жаңа хабар – "Talant time" атты ойын-сауық бағдарламасы. Хабар күнделікті сағат 12.00-де тікелей эфирге шығады. Эфир барысында көрермендер қуаныштарымен бөлісіп, жақындары мен туған-туыстарына құттықтау жолдай алады және түрлі тақырыпта танымдық-көңілашар ойындары жүргізіледі. Жеңімпаздарға арналған арнайы сыйлықтарымыз да бар. Бұл хабардың аудиториясы өте кең. Біздің телеарна "Отау ТВ" мен "ID ТВ" арқылы көрсетілетіндіктен, еліміздің әр түкпірінде тұрақты көрермендіріміз бар. Астана, Алматы, Семей, Қарағанды, Өскемен, Көкшетау қалаларынан хабарға қатысып, қоңырау шалып жатқандар көп. Бұл хабар о баста қазақ тілінде басталғанымен, көрермендер аудиториясының ауқымдылығын ескеріп, екі тілде жүргізу туралы шешімге келдік. Аптасына 5 рет жүретін еді, қазір соның екі күні орыс тілінде. Тағы бір қайталайын, мұның барлығы цифрлы ТВ технологиясының арқасында жасалып жатқан дүниелер. Цифрлы ТВ жүйесінің артықшылығы да осында. Биыл эфирге шыққан "Секундомер" деген хабарымыз туралы да айта кетейін. Қостанай облысы – отандық спорттың дамуына елеулі үлес қосқан айтулы спортшылардың отаны. Сондықтан бұл – өңір спортының тарихы мен бүгінгі тынысына, жалпы даму барысына арналған телехабар. Хабар орыс тілінде тарайды. Мұнда көрермендердің спорт жолын енді бастаған балғындардың кішкентай жетістігінен бастап, отандық спорттың дамуына үлес қосқан ардагерлердің, әлемдік додаларда үлкен табыстарға қол жеткізген айтулы спорт саңлақтары туралы тұщымды ақпарат алуына мүмкіндік бар.

– Телеарнадағы кадр мәселесі қалай шешіліп жатыр?

– Енді Қостанай телеарнасын отандық телеарналарға сапалы маман даярлайтын шеберлік мектебі деп айтуға да болады. Бүгінде орталық телеарналардың қай-қайсынан да кезінде осы Қостанай телеарнасында еңбек етіп, шеберлік мектебінен өтіп, шыңдалып, қанатын қатайтқан білікті журналистер мен операторларды көресіз. Бұл бүгінде "Қазақстан" Ұлттық арнасының тізгінін ұстап отырған Еркін Таңатқанұлы салған ескі жол. Бұл үрдіс әлі де толастар емес. Әрине әріптестеріміздің кәсіби тұрғыдан өсіп, елге танылып жатқаны біз үшін де үлкен қуаныш. Дегенмен, таяқтың екінші ұшы осы телеарнаға тиіп жатады. Енді жетіліп, шеберлігі толысып, жеміс береді-ау деген үміт қылаң берген шақта, талай-талай мықты мамандарымызды осы орталық телеарналар қағып алып кетіп жатады. Біздің бір проблема – осы. Алайда ұжымда кәсіби журналистер жетерлік. Демек, өңірлік телеарнаның әлеуеті де жоғары. Мұның сыртында, биыл журналистердің еңбекақысы еселеніп, еңсеміз тіктеліп қалды. Еңбекақы – кез келген ұжымда бірінші кезекте тұратын мәселе ғой. Корпорация басшылығы біздің арна ұжымының көпжылдық жұмыс нәтижесін ескере отырып, осы қыркүйек айынан бастап барлық қызметкерлердің айлығын 10%-ке көтерді. Біздің тағы бір қуанышымыз – осы.

– Қуаныштарыңыз көбейе берсін! Енді алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Алдағы уақытта тағы бірекі жаңа жобаны жоспарлап отырмыз. Оның бірі "Между нами женщинами" деп аталатын орыс тіліндегі хабар. Өңірде ер азаматтармен қатар табысты еңбек етіп, елеулі жетістіктерге қол жеткізген қызкеліншектер аз емес. Осындай азаматшалардың өмірі мен еңбек жолын насихаттайтын хабар болады деп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, жуырда ғана Елбасының "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы жарияланды. Формасы мақала болғанымен, бұған мазмұны терең, мақсаты ауқымды, ұлттық мәдениетіміз бен сан ғасырлық тарихымызды тұтас қамтитын маңызды бағдарламалық құжат ретінде қабылдауымыз керек. Міне, осы бағытта тағы бір жаңа жобаны қолға алдық. Қазір бұл шаруа пысықталып қалды. Амандық болса, алдағы жылы көрермендер бұл хабармен де қауышатын болады.

Сұхбаттасқан: Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

ЖАСТАР ІСІ

"Жастар жылына" жоспар

Әсел ҚИБАШ

Өткен аптаның аяғында осы және басқа да мәселелер облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібаевтың төрағалығымен өткен Жастар ісі жөніндегі облыстық кеңестің отырысында талқыланды.

Кеңестің негізгі тақырыптарының бірі – жастарды жұмыспен қамту және мемлекеттік қолдаудың барлық бағыттарына қол жеткізу. Бүгінгі таңда, облыста жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 3,1%, мемлекеттік көрсеткіш бойынша – 4,1%. Бұл туралы облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Марат Жұрқабаев мәлімдеді.

– 25-40 жас аралығындағы қазақстандықтардың кейбірі бизнестің мемлекеттік қолдауға ие екенінен бейхабар. Сол себепті, 2017-2021 жылдарға арналған өнімді жұмыспен қамтуға арналған "Еңбек", "Кәсіпкерлікті дамыту" және "Дипломмен – ауылға!" бағдарламалары жайында барлық мемлекеттік органдар түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Жастарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында біз "7-20-25" бағдарламасына жастар арасында түсіндіру үшін банктермен бірге құрылыс басқармасына ұсыныс жасаймыз. Сондай-ақ, меценаттарды тарту арқылы тұрғын үй құрылысы мүмкіндігін қарастыруымыз қажет, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Марат Жұрқабаев.

2013 жылы "Қазақстан-2020 болашаққа бастар жол" атты мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Қазіргі уақытта, оның екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Тұжырымдаманың ережелерін мақсатты түрде орындау – жастармен бірнеше жұмыстардың өткізілуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда, Қостанай облысында жастардың саны 185 077 адамды, яғни, жалпы халық санының 21%-ын құрайды. Олардың 53% қала тұрғындары болса, 47% ауылды мекен еткен.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында облыста 9 адамнан тұратын Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы жастармен мақсатты жұмыс жүргізу үшін мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша штат саны 95,75 бірлік болатын 20 жастар ресурстық орталықтары (1 облыстық, 3 қалалық және 16 аудандық) жұмыс жасайды. Қостанай облысы әкімдігінің жанында 4 қалалық және 16 аудандық Жастар ісі жөніндегі кеңес қызмет атқарады. Кеңестерге барлық деңгейдегі әкімдер басшылық етуде.

Кәсіпорындарда, жоғары оқу орындары мен колледждерде Жастар ісі жөніндегі комитеттер құрылған, бүгінде олардың саны 57-ге жетіп отыр, оның ішінде жоғары оқу орындарында – 8, колледждерде – 39, кәсіпорындарда – 10, мыңнан астам жастар қатысатын 38 әскери-патриоттық клубтар қызмет етуде.

"Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы ҮЕҰ рөлі" тақырыбында "Ел ертеңі" қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Қалиев баяндады.

– Биылғы көрсеткіштер бойынша облысымыздағы жастардың саны 185 мыңнан астам, яғни 21,5%, олардың ішінде экономикалық белсенділері 58% құрайды. Бұл дегеніміз, 108 мыңнан астам азаматтық позициясы қалыптасқан жастар ел экономикасының нығаюына өз үлестерін қосуда. Олардың арасында өз жобаларын жүзеге асырып, бизнестерін дамытып жатқандар да аз емес.

Өзім жетекшілік ететін "Ел ертеңі" қоғамдық бірлестігінің де алдына қойған ауқымды мақсаттары бар. Олар: мемлекеттік тілдің мәртебесі, жастар арасындағы патриоттық тәрбие және діни сауаттылық бағыты. Қостанай облысында алғаш рет "КВН-ды қазақша ойнаймыз" деп ресми түрде жоба жасап, "Мен – Патриотпын" атты республикалық акциясын ұйымдастырған бірлестік ретінде, бүгінгі күні жоғары оқу орындарының арасында діни сауаттылық бағыты бойынша ақпараттық-насихаттау топтарын құру, олардың біліктілігін арттырумен қатар семинарларын ұйымдастырумен айналысудамыз, – деді ол.

ҚР Президентінің биылғы жолдауында жарияланған "Жастар жылы" аясында облыс орталығында "Жастар" сарайы бой көтермек.

"Жастардың бір ортаға шоғырлануы жастар саясатына жаңа серпін беруі тиіс", – дейді облыс әкімінің орынбасары. Қазір онда қандай ұйымдар болады деген мәселе шешілуде. Кез келген жағдайда бұл орын оқушыларға, студенттерге, жас кәсіпкерлерге, мемлекеттік қызметшілерге ашық және қолжетімді болмақ. Онда барлық жастың маңызды мәселелері қаралып қана қоймай, кеңес пен көмек берілеін болады.

Суретті түсірген автор.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚАЖЕТТІНІҢ БӘРІ БАР

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

Көпшіліктің көңілінен шығуда

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сай елімізде халық пен билік арасын жақындататын ауқымды жобалардың жүзеге асырыла бастағаны белгілі. Олардың дені қазақстандықтардың үкіметке деген сенімін арттыруға негізделген. Осы бағытта елімізде халыққа көрсетілер қызметтерді сапаландырып, қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, арнайы "Азаматтарға арналған үкімет" бағдарламасы қабылданды. Қазіргі жүргізіліп жатқан "Ашық үкімет" жобасы – соның жалғасы.

Ел ішінде бұл порталдың тиімділігі күн өткен сайын артып келеді. Бұл жоба қоғам мен билік арасындағы байланысты бекемдей түсті. Сол арқылы мемлекеттік органдар туралы мәліметтер мен бюджеттік жоспарлар, әр өңірдің кіріс-шығыс қаражаттары бұқараға бүкпесіз ұсынылып келеді. Сондай-ақ, ондағы ашық деректер инновациялық жоба жасаушылар жұмысын жеңілдетті.

"Ашық үкімет" дегеніміз не?

"Ашық үкіметтің" басты мақсаты – ашық және халық алдында есеп беруге міндетті мемлекетті құру, азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және жаңа технологияларды мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін қолдану. Сондай-ақ, азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

Ашық үкімет мынадай компоненттерден: ашық деректер, ашық НҚА, ашық диалог, сондай-ақ ашық бюджеттер және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудан тұрады.

"Ашық деректер"

Сервистерді және солардың негізінде қосымшаларды құру мүмкіндігі үшін мемлекеттік органдардың жалпыға бірдей қолжетімді деректерін орналастыру порталы. Мұнда ашық деректер жинағы жарияланған. Бұдан басқа, порталға деректерге сұрау салу арқылы жүгінуге болатын қосымшаларды бағдарламалау интерфейсі (API) енгізілген.

Ашық деректер негізінде деректер санын ұлғайту, сондай-ақ конкурстар және хакатондар сияқты іс-шараларды өткізу арқасында жүктеп алу үшін мобильді қосымшалар мен сервистер әзірленген және орналастырылған.

Еліміздің "Ақпараттандыру туралы" заңына сәйкес, мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісім бойынша ашық деректер тізбесін бекітуге және деректерді бекітілген тізбеге сәйкес ашық деректер порталында машинамен оқылатын түрде орналастыруға міндетті.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" заңына сәйкес, уәкілетті орган қоғамдық пікір сауалнамаларының нәтижелері бойынша ашық деректерді сұратуға құқылы, сондай-ақ ақпарат иелері ашық деректерді өз бастамасы бойынша порталда орналастыруға міндеттеледі.

"Ашық НҚА"

Әзірленетін заңжобаларын, мемлекеттік қызметтер стандарттарының жобаларын және рұқсат беру құжаттарын талқылауға арналған бірыңғай алаң. Әрбір азамат өз пікірін айта алатын және НҚА әзірлеуге қатысу мүмкіндігі қарастырылған портал. Ашық НҚА-лар кез келген қазақстандықтың заң жобасымен ол мемлекеттік органға және жоғары тұрған орындарға келісуге жіберілгенге дейін танысуына мүмкіндік береді.

Порталда "Мемлекеттік көрсетілетін



қызметтер туралы" заңға сәйкес, тек мемлекеттік қызметтер стандарттарын жа-риялы талқылау жүргізілуімен бірге, "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" заңды қабылдаумен барлық нормативтік құқықтық актілер мен заңжобалары тұжырымдамаларының жобаларын талқылау да қолжетімді болды.

"Ашық диалог"

Бұл мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы тиімді кері байланысты орнатуға арналған алаң. Порталдың мақсаты азаматтарға порталдың құралдары арқылы үкіметпен өзара әрекеттесу мүмкіндігін беру.

Осы компонент: МО басшыларының блог – платформасын; ЖАО-мен интернет – конференцияны; "Сауалнамалар" жүйесін; "Ұялы желі сапасын халықтық бақылау" жүйесін қамтиды.

Мемлекеттік органдар басшыларының блог-плаформасында өтініштерді беру және қарау тәртібі заңда жазылған. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" заңының 11 бабының 5 тармағына сәйкес блог-платформаға сұрау салулар жазбаша сұранымға теңестіріледі. ЭҮП-та есептік жазба болған жағдайда, сұрау салу қол қоюды және оған абоненттік нөмірді қосуды талап етпейді.

Сондай-ақ, компонентке 2008 жылдан бері "электрондық үкіметтің" веб-порталында жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан Жергілікті атқарушы органдардың және орталық мемлекеттік органдардың мүшелерінің қатысуымен интернет конференциялар кіреді.

"Сауалнамалар" жүйесі

Ашық диалогтың басқа компоненттеріне қарағанда жаңа сервис болып табылады. Жүйе сауалнамаларды құруға, сауалнамаларды "электрондық үкіметтің" және "мобильді үкіметтің" қолжетімді арналарында жариялауға, сауалнамалардың нәтижелерін сақтауға және оларды клиенттерге беруге арналған. Жүйе SMS-хабарламалары, мобильдік қосымшаны, "Жеке кабинет", "Ашық диалог" порталы, сондай-ақ әлеуметтік ресурс арқылы сауалнамалардан өтуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, "Ұялы желі сапасын халықтық бақылау" сервисі қолжетімді, ол азаматтарға ұялы байланыс жұмысындағы әртүрлі іркілістер және мобильдік интернетпен байланысты проблемалар туралы пікірлерін ҚР ИДМ Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне және "МТҚ" РМК-ға тура жолдауына мүмкіндік береді.

"Ашық диалог" – мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына сұрау-сауалдарды жолдау; елдің кез келген нүктесінен мемлекеттік органдардың қызметін жариялы талқылауға қатысу; мемлекеттік органдар өткізетін сауалнамаларға, әлеуметтік сауалнамаларға, электрондық және мобильдік үкіметтің сауалнамаларына қатысу; ұялы байланыс сапасы туралы пікірлерді жолдау мүмкіндігін қарастырған.

"Ашық бюджеттер"

Бұл портал азаматтардың мемлекеттегі "бюджет" ұғымы туралы түсінігін жеңілдетуге және бюджеттік қаражаттың жұмсалуын қоғамдық бақылау арқылы белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға мүмкіндік туғызады.

Сала мамандарының айтуларына қарағанда, кез келген қазақстандық үйде болсын, я болмаса, әлемнің кез келген нүктесінен ақпараттық технологияларды қолданып, "Ашық үкімет" порталдарынан НҚА жобаларымен, бюджеттік бағдарламалар жобаларына пікірлерін қалдырып, бірінші басшыларына үндеулерін жолдай алады.

Айта кетерлігі, бұл жоба 2014 жылдан бері кезең-кезеңімен дамытылу үстінде. Осы уақыт аралығында оны қолданушылардың саны еселеп ұлғайды. Мәселен былтыр "Ашық диалог" блогына азаматтардан 19 мың сұрақ келіп түссе, биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 16 мыңға жетіп отыр. Порталда 2 мыңнан астам дерек, 14 мың нормативтік-құқықтық акті, ал бюджетке қатысты 13 мыңнан астам бағдарлама орналастырылған.

Шырша кескендер жауапқа тартылады

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 17-5-6/285 "2018 жылдың Жаңа жыл алдындағы кезеңінде қылқан жапырақты тұқымдылардың жас талдарын қорғауды күшейту туралы" бұйрығына сәйкес, жаңа жылдық шыршаларды босату Қостанай облысы әкімдігінің өтініміне сәйкес ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің рұқсаты бойынша мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін ғана ағаш кесу және басқа да кесу есебінен жүргізіледі.

Тұрғындар үшін тек қана құрама шыршалар мен контейнерлердегі тірі шыршаларды сатуға рұқсат етіледі. Аумақтық инспекция облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына тұрғындарды жаңа жылдық шыршалармен жабдықтау мақсатында орман шаруашылығы мекемелерімен құрама шыршалар мен контейнерлердегі тірі шыршаларды дайындау бойынша уақытылы шаралар қабылдауды ұсынды.

2018 жылдың 1 желтоқсанынан бастап қылқан жапырақты тұқымдас жас шыбықтарды күзетуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орман қоры аумағында және негізгі автожолдарда орналасқан бекеттерде облыстың орман шаруашылығы мекемелерінің мемлекеттік орман күзеті қызметкерлері қатарынан ұтқыр топтардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылады.

Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аумақтық инспекциясының мамандарынан арнайы топ құрылды, олар полиция қызметкерлерімен бірлескен рейдтер барысында облыс аумағында қылқан жапырақты тұқымдардың жас шыбықтарын қорғауды ұйымдастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын болады.

Соңғы жылдары Қостанай облысы бойынша жаңа жылдық шыршаларды дайындау және өткізу көлемі азаюда әрі тұрақты үрдіске ие. Мәселен:

– 2013 жылы – 2680 дана бөлініп, 1601-ы іске асырылды;

– 2014 жылы – 2080 дана бөлінді, 1365-і іске асырылды;

– 2015 жылы – 2295 дана бөлінді, 1141-і іске асырылды;

– 2016 жылы – 1306 дана бөлінді, 809-ы іске асырылды;

– 2017 жылы – 983 дана бөлінді, 612-і іске асырылды.

Жаңа жыл алдындағы кезеңде (қараша-желтоқсан) қылқан жапырақты тұқымдас жас шыбықтарды заңсыз кескен және зақымдағандар ҚР Қылмыстық Кодексінің 340-бабы бойынша жауапқа тартылады. Осы баптың санкцияларында 200 АЕК дейін айыппұл немесе түзеу жұмыстары, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстар, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамау көзделген. Ал топпен жасалған заңсыз ағаш кесу үшін 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 31.05.2007 жылғы №441 "Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларды бекіту туралы" қаулысына сәйкес Жаңа жыл алдындағы кезеңде қылқан жапырақты тұқымдардың жас талдарын және өскіндерін жою немесе зақымдау үшін келтірілген зиянды өтеу мөлшері 15 АЕК, яғни, бір ағаш үшін 36 075 теңгені құрайды.

Ерлан ӘЛІМОВ,
Қостанай облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі инспекциясының бас маманы.

Тәні саудың – жаны сау!

Саламатты өмір салты ұғымына физикалық жаттығулар, дұрыс тамақтану, жеке гигиена, зиянды әдеттермен күрес мәдениеті кіреді. Бір сөзбен айтқанда, саламатты өмір салты – бұл адамның дене, психикалық, адамгершілік денсаулығын нығайтуға әкелетін кез келген әрекет. Сондай-ақ, жеке гигиена мен дұрыс дене бітімі де саламатты өмірдің бір бөлігі болып табылады. Жеке гигиена – денсаулықты сақтауға ықпал ететін ережелер жиынтығы. Оған мыналар жатады: таза дене, таза киім-кешек, таза тұрғын үй, сондай-ақ тамақ дайындау кезіндегі тазалық, т.б. Жеке гигиенаның басты аспектілерінің бірі – тісті күніне екі рет тазалау (таңертең және кешке ұйықтар алдында), айына бір рет тіс щеткасын өзгерту керек, жарты жылда тіс дәрігеріне барып тұруды да ұмытпаңыз. Терінің тазалығын сақтау, күн сайын душ қабылдау. Әрбір отбасы мүшесінің өз сүлгісі мен өз төсегі болуы тиіс екенін де есте сақтау маңызды. Төсек-орынды 7-10 күнде бір рет ауыстыру керек. Ұйықтар алдында ұйықтайтын бөлмені желдетіп, ұйықтауға арналған киім кию ұсынылады.

Психикалық денсаулықты нығайту кезінде күйзелістермен күресу және ондай жағдайларға жол бермеу қажет. Күйзелісті басқарудың негізгі дағдылары: шапшаң қорытынды жасамаңыз және қызуқанды шешім қабылдамаңыз. Есіңізде болсын, көптеген жағдайларда сіз өзіңізді ұстай аласыз. Сондай-ақ, сізге қуаныш әкелетін сүйікті іспен ғана айналысыңыз (мысалы, әуен тыңдаңыз, дене шынықтырумен айналысыңыз және т. б.). Жағымды хош иісті ванна қабылдаңыз, су шаршағанды тез басып, тонусты қалпына келтіреді. Егер мүмкіндігіңіз болса, ұйықтауға тырысыңыз, ұйқы – тамаша дәрі.

Есіңізде болсын, көптеген жағдайларды өзіңіз немесе мамандардың көмегімен шешуге болады. Біздің Қостанай қаласындағы №4 емхананың базасында сенім, мейірбандық, еріктілік, қолжетімділік қағидаттарында жұмыс істейтін жастардың денсаулық орталығы жұмыс істейді. Онда сізге психологтар, урологтар, гинекологтар тегін көмек көрсете алады.

ОСӨСҚПО және Жастардың денсаулық орталығы.

Арқалық қаласы әкімінің аппаратында 2019 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**09.01.2019**	**16.01.2019**	**23.01.2019**	**30.01.2019**		**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	03.01.2019	10.01.2019	17.01.2019	24.01.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	03.01.2019	10.01.2019	17.01.2019	24.01.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	04.01.2019	11.01.2019	18.01.2019	25.01.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	04.01.2019	11.01.2019	18.01.2019	25.01.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**06.02.2019**	**13.02.2019**	**20.02.2019**	**27.02.2019**		**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	07.02.2019	14.02.2019	21.02.2019	28.02.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	07.02.2019	14.02.2019	21.02.2019	28.02.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	01.02.2019	08.02.2019	15.02.2019	22.02.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	01.02.2019	08.02.2019	15.02.2019	22.02.2019		11.00-12.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	**Әкім**	**06.03.2019**	**13.03.2019**	**20.03.2019**	**27.03.2019**		**11.00-12.00**	**Абай д.,29-801**
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	07.03.2019	14.03.2019	28.03.2019			11.00-12.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	07.03.2019	14.03.2019	28.03.2019			11.00-12.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	01.03.2019	15.03.2019	29.03.2019			11.00-12.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	01.03.2019	15.03.2019	29.03.2019			11.00-12.00	Абай д.,29-811

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу **№ 104** кабинетте жүргізіледі.
Байланыс телефоны: **7-02-32.**
Қала әкімі аппаратының мекен жайы: **Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29.**

График приема физических и представителей юридических лиц в аппарате акима города Аркалыка на первый квартал 2019 года

Кузенбаев Э.К.	**Аким**	**09.01.2019**	**16.01.2019**	**23.01.2019**	**30.01.2019**		**11.00-12.00**	**пр.Абая, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	03.01.2019	10.01.2019	17.01.2019	24.01.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	03.01.2019	10.01.2019	17.01.2019	24.01.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	04.01.2019	11.01.2019	18.01.2019	25.01.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	04.01.2019	11.01.2019	18.01.2019	25.01.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	**Аким**	**06.02.2019**	**13.02.2019**	**20.02.2019**	**27.02.2019**		**11.00-12.00**	**пр.Абая, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	07.02.2019	14.02.2019	21.02.2019	28.02.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	07.02.2019	14.02.2019	21.02.2019	28.02.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	01.02.2019	08.02.2019	15.02.2019	22.02.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	01.02.2019	08.02.2019	15.02.2019	22.02.2019		11.00-12.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	**Аким**	**06.03.2019**	**13.03.2019**	**20.03.2019**	**27.03.2019**		**11.00-12.00**	**пр.Абая, 29-801**
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	07.03.2019	14.03.2019	28.03.2019			11.00-12.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	07.03.2019	14.03.2019	28.03.2019			11.00-12.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	01.03.2019	15.03.2019	29.03.2019			11.00-12.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	01.03.2019	15.03.2019	29.03.2019			11.00-12.00	пр.Абая, 29-811

Предварительная запись на личный прием проводится в кабинете № 104,
контактный телефон: 7-02-32.
Местонахождение аппарата акима города: г. Аркалык, пр. Абая, 29.

Волочай Александр Григорьевичтің сенімді тұлғасы Лаптев Михаил Анатольевич кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Ломоносов селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

– алаңы 40,0 га, кадастрлік нөмірі 12-185-013-158 жер телімі.

Сауда 2018 жылғы 22 желтоқсан сағат 9.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское селосы, Базарная көшесі, 34.

Саудаға қатысуға өтінімдер 2018 жылғы 21 желтоқсан сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское с., Базарная көшесі, 34. Анықтама үшін тел. 8(71443) 21731.

Доверенное лицо Волочай Александра Григорьевича, Лаптев Михаил Анатольевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования на земельные участки, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, расположенные на территории Ломоносовского сельского округа, Мендыкаринского района, Костанайской области.

– земельный участок площадью 40,0 га, кадастровый номер 12-185-013-158.

Торги состоятся 22 декабря 2018 года в 9.00 часов, по адресу: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с.Боровское, ул.Базарная, 34.

Заявки на участие в торгах принимаются до 17-00 часов 21 декабря 2018 г. по месту нахождения доверенного лица: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с. Боровское, ул.Базарная, 34. Тел. для справок 8 (71443) 21731.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу



Аяулы, жалғыз бауырым **Қали Бексұлтанұлы Мырзажан тегі Муржиков** 2017 жылы 29 желтоқсанда күмәнді жағдайда дүниеден озды.

Төтеннен келген ауыр қаза қабырғамызды қайыстырып кетті. Көкейге өксік толып, бауырымды мәңгілікке жоқ дегенге әлі күн қия алмай келемін. Әкеден екеуміз ғана едік. Жаныма жақын, көңіліме ыстық болғаны содан. Ол саналы ғұмырында 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеген әке, немере, шөбере сүйген ардақты ата еді. Адал, еңбекшіл, кісіні ренжітуді білмейтін ақжарқын адам ретінде жадымызда қалды.

Көк шыққанға бір қуанып,
Шөп шыққанға бір қуанып,
Өмірі өтті-ау жұлдыздай ағып.
"Өсем" деген ұлды бағып,
"Кетем" деген қызды ұзатып,
Әйелің жетектеп, немересін өбектеп,
Өмірі өтті өксіп-өксіп.
Арқалаттың қайғы-мұңның ауырын,
Бар әлемнің мейіріндей бауырым.
Білінбеді-ау сұм ажалдың келгені,
Күрсініп тұр туған жерің – ауылың.

Ағамның жатқан жері жарық, топырағы мамық, иманы жолдас, орны жұмақтан болсын.

Еске алушылар: Қарындасы – Бәтима Бексұлтанқызы, күйеу баласы – Жамбыл, жиендері, жиен-немерелері.

"Қазақтелеком" АҚ филиалы Солтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы келесі мекенжай бойынша жылжымайтын мүліктер сатылатынын хабарлайды:

– Қостанай қ., Станционная көш., 66 үй, бір қабатты ғимарат, көлемі – 124,2 ш.м.;

– Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Октябрьское а., қазандық ғимараты, көлемі – 94 ш.м.;

– Қостанай қ., Баймағамбетов көш., 147/1 үй, 2 бөлмелі пәтер, көлемі – 54,8 ш.м.;

– Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 138 үй, 3 бөлмелі пәтер, көлемі – 71,2 ш.м.;

– Қостанай қ., 5 ш.а., 7 А үй, 3 бөлмелі пәтер, көлемі – 66,2 ш.м.;

Тел. (7142) 573-064, 573-085.

Озеро Талы площадью 1391га находится на границе Алтынсаринского и Сарыкольского районов в долине реки Убаган на западном побережье озера расположено село им. Ильяса Омарова с другой стороны расположены села Караоба и село Крыловка. По данным научного института на озере имеется ряд разновидности рыб, это щука, карась, окунь, линь, чебак. С 2018 года озеро согласно постановления акимата Костанайской области закреплено за ИП "Нестерук С.В". ИП "Нестерук С.В" проводится работа согласно плана развития рыбного хозяйства по сохранению и разведению рыб озера.

Просьба ко всем любителям рыбакам придерживается правил о рыболовстве.

ҚМПУ ректораты мен ұжымы азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инспектор

Жарматов Қанат Санақұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жерлестеріміз жеңімпаз

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудныйда Тәуелсіздік күні мен энергетиктердің төл мерекесі қарсаңында "KEGOC" АҚ қызметкерлерінің спартакиадасы өтті. Екі күнге созылған дәстүрлі шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 11 құрама команда келіп, спорттың шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, армрестлинг және шахмат сияқты түрлерінен өзара додаға түсті.

Бірыңғай электр желілерінің жүйелік операторы "Дені саудың жаны сау" деген қағиданы ұстанып, өз қызметкерлерінің спортпен айналысуларына барлық жағдайды жасап келеді. Он төрт жылдан бері үзбей ұйымдастырылып келе жатқан корпоративтік жарыстар атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың бір сарасы ғана.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған "KEGOC" АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі Жаңабай Бексары спорт мерекесінің негізгі көздегені – компанияның барлық кәсіпорындарының үздік қызметкерлерінің басын біріктіріп, ортақ мақсаттарды жүзеге асыруға жұмылдыру, талант иелерін жан-жақты ынталандыру екендігін атап өтті.

– Спорт жүрген жерде тәртіп те болады. Бұған біз осындай тамаша шаралардың нәтижесінде көз жеткізіп отырмыз. Өткен жылы спартакиада Қарағандыда өтіп, Алматы торабы жеңіске жетті. Биылғы жарыс одан да тартысты, әрі қызықты өтетіндігіне сенімдімін. Барлықтарыңызға сәттілік, шын мықтыға жеңіс тілеймін, – деді ол.

Алғашқы күні арулардың білек күресі мен ерлер футболы жанкүйерлердің ерекше қызығушылығын тудырды. Бірақ та көшбасшылар шешуші кезеңде ғана белгілі болды.

Сонымен жалпыкомандалық есепте үшінші орынды "Шығыс ЖЭТ" филиалының командасы иеленді. Екінші орынға "Солтүстіктің" спортшылары жайғасса, бірінші орынды спорттың барлық түрлерінде үздіктер қатарынан көрінген жерлестеріміз – "Сарыбай ЖЭТ" филиалының ұжымы иеленді. Барлық жүлдегерлер алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

БАСПАСӨЗ – БАРШАҒА

"Қостанай таңына" жазылу – ортақ іс

Өз басым "Қостанай таңы" газетін – қазақтың тілін, ділін, салт-дәстүрін дәріптейтін облыстағы жалғыз басылым деп білемін. Себебі, бұл басылымда облыстың шежіресі сайрап жатыр. Басылымның дәрежесі де, мазмұны мен безендірілуі де көңіл қуантады. Халықтың тағдырына бей-жай қарамайтын айтулы басылымда өңір тынысы кеңінен қамтылып отырады. Әрі оқырманға ой салатын дүниелерді де аз жариялап жүрген жоқ. Тарихи ұлы тұлғалар, елімізге еңбегі сіңген азаматтар туралы жиі жарияланады. Кейде белгісіз бейнелерді де осы газет арқылы танып жатамыз. Өкініштісі, қазір көп басылымдар, телеарналар болсын елде болып жатқан оқиғалардың тек жаман жағын ғана көрсетуге тырысатын сияқты. "Жақсы сөз – жарым ырыс" деген, керісінше "Қостанай таңында" тарихи-танымдық, ұлт мүддесі сияқты мәселелер жиі қамтылады. Халықтың мұңмұқтажы, жеткен жетістігі мен кемшілігі де жан-жақты қамтылып жатыр деп өз басым ауыз толтырып айта аламын. Арнаулы беттер мен жаңа айдарлар, жобалар халықтың жүрегіне жол табуда. Мәселен, "Бас редактор әлемі", "Күлтөбенің басында", "Ой отау" айдарларымен жарияланып жүрген мақалалар өте тартымды. Газеттің қосымшасы "Ақшамды" да асыға күтеміз. Ондағы "Сөз әлемі", "Тылсым", "Дода", "Сән мен сымбат", "Балдәурен" сияқты беттердің де өз оқырманы бар. Осының бәрі, сайып келгенде газет тілшілерінің, жалпы ұжымның еңбегі екені сөзсіз. Тағы бір жаңашылдық, бүгінде газеттің атауы латынша әріптермен шығып жүр. Бұл да, әрине, қуантарлық жағдай.

Шындығын айту керек, газет оқырмандарының дені ауылды жерлерде, соның ішінде мұғалімдер де көп. Біздің Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің ұстаздар қауымы да төл басылымды жаздырып алуда белсенділік танытып келеді. Өйткені, қолымыздан келгенше, қазақ басылымына өзімізше қолдау білдірсек дейміз. Жас ұстаздар қауымы да газеттің әр нөмірін үзбей оқып отырамыз. Мақалаларымыз жарық көріп жатса қуанамыз. Бүгінде әулиекөлдік әр мұғалімнің үйінен "Қостанай таңы" газетін көруге болады. Бұл басылымда біздің мектебіміз жайлы, мұғалімдеріміздің де мақалалары аз жарияланып жүрген жоқ. Өзім де газеттің әр нөмірін қалт жібермеймін, жазылған жайларға да бей-жай қарамаймын. Себебі, мен үшін "Қостанай таңы" газеті ерекше ыстық. Өз басым әрбір отбасының ата басылымға жазылудан қалыс қалмағандары абзал дер едім. Ал шығармашылық ұжымға тың табыстар тілеймін.

Нұрымжан МИЛАХАТОВ.
Әулиекөл ауданы.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.
Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, № 17374-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 9172. Тапсырыс 3069. Нөмірдің кезекші редакторы Қарлығаш ОСПАНОВА.